## PROBLEMS OF COOPERATION BETWEEN NEIGHBORING COUNTRIES

### Abstract

The topic discusses the issues of regulating political situations within the country and intensifying cooperation between neighboring countries in the face of changes in the world. In addition, one of the most important achievements of Kazakhstan in its foreign policy is peace and harmony, unity. Our state has a great reputation in the system of international relations as a reliable foreign policy partner. Our external opportunities are primarily determined by the geographical, geopolitical and geo-economic situation of the country. Therefore, improving economic, cultural and political ties with neighboring countries will undoubtedly contribute to the rapid development of the country's economy. The main problem of Kazakhstan's foreign policy is the establishment of diplomatic relations on an equal footing with our eastern neighbor, China. Taking into account the fact that political relations between the USSR and the people's Republic of China have not developed in warm conditions for several decades, the formation of partnership with Beijing, including the intensification of diplomatic relations with China in a new direction, will be beneficial for Kazakhstan. We are going to talk about this in the article.

**Keywords:** Integration, solidarity, peace, conflict, diplomacy.

Қазіргі мынау жаһандану заманындағы елдер арасындағы келіспушілік пен қақтығыстар әлемдік экономиканың құлдырауы мен дағдарысқа ұшырауына әсер етуде. Текетіретер мен жасанды қақтығыстар жана нормаға айналды.[1] Қазақстанның маңызды жетістіктерінің бірі сыртқы саясатындағы ұстанымы бейбітшілік пен татулық, бірлік болып табылады. Біздің мемлекетіміз халықаралық қатынастар жүйесінде сенімді сыртқы саяси әріптес ретінде үлкен беделге ие. Біздің сыртқы мүмкіндіктеріміз ең алдымен еліміздің географиялық, геосаяси және геэкономикалық жағдайымен айқындалады. Сондықтанда көрші елдермен экономикалық мәдени және саяси байланысты жақсарту елдің экономикасының қарқынды дамуына жол ашары даусыз.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі күрделі мәселесі, шығыстағы Көршіміз Қытаймен тең дәрежеде дипломатиялық қарым-қатынас орнату болды. Бұған дейін бірнеше ондаған жылдар бойы КСРО мен Қытай Халық Республикасы арасында саяси қарым-қатынастардың жылы жағдайда өрбімегенін ескерсек, Пекинмен әріптестікті қалыптастыру Қазақстан үшін, жаңа дипломатиялық байланыс ақ парақтан басталып отыр. Оның үстіне кеңес дәуірі кезінің өйінде, шекаралас аумақтарға қатысты шешілмеген проблемалар болды. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан, миллиардтан астам халқы бар Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуда жіберілген қателік, еліміз үшін үлкен қауіп, сондықтан бұл елмен байланыс орнату, елшілеріміз үшін үлкен сауаттылық пен сақтықты қажет етеді. Біздің мемлекетіміздің геосаяси жағдайының өзі, дипломаттардан осындай міндеттерді талап етеді. Қытай мен Ресей секілді алпауыттардың ортасында тұрған Қазақстан үшін, әрбір қалт еткен қадамның ар жағында орны толмас өкініштерге әкелуі мүмкін. [2] Тіпті ақпараттық басылмдарда айтылып жүрген, орыс зиялыларының арасында Қазақстанның солтүстік облыстары Ресейдің меншігі екендігі турасында, ал Орта Азия осы алпауыт елдің қол астындағы халықтар екені жөнінде ашық пікірлер айтылуда. Ал мұндай жағдайлар ел арасындағы қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты ҚР-ң Президенті Қ.К. Тоқаев БҰҰ ның 77 сессиясында сөйлеген сөзінде тежемелік және тепе-теңдіктің жахандық жүйесі бейбітшілікпен тұрақтылықты сақтап қала алады деуі өте орынды деп ойлаймын. Менің ойымша, біздің алдымызда тұрған ерекше маңызды міндет – қауіп-қатерлер жағдайында халықаралық қатынастардағы тұрақтылыққа қол жеткізу. Көпжақты механизмдерге тың серпін беру және ашық диалогқа оралу аса маңызды, – деп айтуы бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.[3] Біздің өңірде ықпалдастық қарқынын төмендетпеудің маңызы зор. Біз мәдениетіміз бен тарихымыздың ортақтығы жақындастырып отырған көршілес Орта Азия мемлекеттерімен жан-жақты байланыстарымызды дамыту беруге тиіспіз. Сондықтан да сауда экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастығымыздың келешегі зор болмақ.

Біздің басты құралымыз ұлттық мүддені қорғау және көрші елдер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін интеграциялық саясаты бар, ынтымақ бірлікті сақтау. Сондықтан, Орта Азиялық Одақты нығайту көрші елдер үшін өте тиімді болған болар еді.

Кезінде, әлемдік саясатшылардың Орталық Азия мемлекеттері одағын құру туралы қазақстандық бастаманың болашағына жіті назар аударғаны рас. Оның іс жүзіне асу мүмкіндігінің нышандары тұңғыш Президентіміздің Өзбекстанға ресми сапар барысында нақты байқалған еді.

Барынша нәтижелі аяқталған келіссөздер қорытындысында Үкімет аралық, халықаралық автомобиль қатынасы туралы, Зияткерлік құқық меншігін қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы, Ғылым және технологиялар саласындағы ынтымақтастық туралы, Еркін сауда жөніндегі хаттамаларға қол қойылуы, сондай-ақ, Қазақстан мен Өзбекстан арасында екі ел Президенттерінің басқаруымен жұмыс істейтін Үкіметаралық үйлестіру кеңесін құру туралы уағдаластық пен осыған қатысты меморандумның қабылдануы – Орталық Азиядағы ықпалы зор қос мемлекеттің ынтымақ бірліктің жаңа сатысына көтерілгенін көреміз.

Қырғызстанда, кейіннен Өзбекстанда орын алған оқиғалар аймақтағы елдердің шешілмеген проблемаларының тереңдігін көрсетіп берді. Дей тұрғанмен, күн сайын қанаты қатайып келе жатқан Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың қолайлы тәжірибесі оның қатарына Өзбекстанның қосылуы арқылы Орталық Азиядағы интеграция қол жетерліктей мақсат екені дәлелденіп отыр.

Осы өңір үшін ортақ нарық құрудың өмірлік маңызы бар. Аймақты көршілес мемлекеттермен біртұтас алып қарағанда, Қазақстан ұлан-ғайыр нарықтың бел ортасында тұр. Сауда және экономикалық байланыстардың беки түсуі тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кепіліне айналатыны о бастан белгілі. Қасымжомарт Тоқаевтың пікіріне сүйенсек, «Қазақстанның төңірегіндегі кедей, саяси жүйесі құбылмалы мемлекеттердің қоршауында қала берсе, дүние жүзіндегі дәулетті, дамыған мемлекеттердің бірі бола алмайтынымыз» анық ол, баршамызға белгілі, деп айтуы өте орынды деп ойлаймын.

Орталық Азия мемлекеттері одағын құру идеясының, өзі рухы жағынан тарихы тамырлас түркітілдес мемлекеттердің «Тұран» одағын құру ойымен үндес келетіні шындық. Сарапшылар ОАО-ғына келешекте Тәжікстан мен Монғолияны, одан соң Түркия мен Әзірбайжанды тарту қажеттігін тілге тиек етіп, мемлекеттердің тепе-теңдігін сақтау мәселесіне де көңіл бөлінген еді. Қазір еуропадағы қақтығыстардың салдарынан бұл мәселе кейнге қалдырылып отыр. Аймақтағы мемлекеттерде біздің қандастарымыздың көп тұратындығы, әсіресе Өзбекстанда 1,5 миллионнан астам қазақтардың ежелден өмір сүріп келе жатқандығы да бұл елдермен ынтымақтастықтың маңызын арттыра түседі. Аймақтық державаға айналып, өз ішінде тұрақтылықтың үлгісі мен тәжірибесін жинақтап отырған Қазақстан Орталық Азия көлеміндегі интеграцияның ұйытқысы бола алады деп ойлаймыз. [4]

Алайда, мұндай бірлікті қаламайтын, сол баяғыша сырттан билік жүргізуді көздейтін күштердің бар екендігі әлі де болса, байқалып қалады. Бірқатар саяси орталар және бірсыпыра шетелдік ақпарат құралдары ТМД-ның кейбір республикаларында болып өткен «түрлі-түсті» төңкерістерді Қазақстанға да таңғысы келген. Алайда, өркениетті дамудың сара жолына түскен Қазақстан өз үлгісімен сенімді жүріп келеді. «Алдымен – экономика, сосын – саясат» қағидасы өміршеңдігін көрсетіп, экономиканың іргетасы қаланып, керегесі бекіген тұста саяси реформаларды да ретімен жүргізіп отырудың алғышарттары пісіп, жетіле бастады. Бұл күрделі істе қандай да бір асығушылыққа жол беріп, бірер күннің ішінде барлығын өзгертіп тастаймыз деудің орны толмас қателіктерге ұрындырарын ТМД шеңберіндегі кейбір мемлекеттердегі жағдай анық көрсетіп берді. Әлемдегі ірі саяси күштердің арасында әр түрлі көзқарас бар екені де белгілі. Астанада 2014 жылы өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитінде қабылданған құжаттарда коалициялық күштердің Орталық Азияда әскери базаларының болу мерзімін нақты белгілеу жөнінде мәселе көтеріліп, бұл мәлімдеме әлемдік саяси орталарда айтарлықтай серпіліс туғызды. Ташкентте Есірткіні бақылау саласындағы аймақтық ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік меморандумына мүше мемлекеттердің кездесуі тап осы проблемаға арналды. Аталған іс-шараға Қасымжомарт Тоқаев қатысып сөз сөйлеген болатын. Есірткі өндірісі мен есірткі тасымалы адамзат қауымының жанын сыздатқан бітеу жараға айналып отыр.

Заңсыз есірткі тасымалының артуына заңсыз көші-қонның да тікелей қатысы бары анық. Қазақстан экономикасының жедел қарқынмен дамуы көршілес Орта Азия елдеріндегі артық жұмыс күшінің елімізге ағылуына алып келді. Бұған қарсы заңды жолдармен реттеп отыру мақсатында мемлекеттердің мүдделі органдары тиісті іс-шараларды өткізіп келеді. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыстардың ауқымы арта түсетінін ұдайы назарда ұстау қажет. [5] Атап айтқанда, Қазақстан-Өзбекстан шекарасында оқ ату оқиғаларының кездесіп қалуы бұл мәселеге барынша мұқият қарауды талап етеді.

Сондықтанда қазіргі жағдайда, «интеграцияға ешқандай балама жоқ» ол ары қарай жалғасын табуы керек деп ойлаймын. Қазақстан өзінің Орта Азиядағы көршілес елдермен тізе қосып, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес шеңберіндегі достық, ынтымақтастық және бауырластық байланыстарын нығайтып, уақыт пен заман талабына сай мазмұнда ілгері дамып келеді. Кезіндегі, Ташкенттегі жүздесуде Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Өзбекстан Президенті И.Кәрімов аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақ құру шартына қол қоюға уағдаласуы үлкен жетістік болды. Бұл стратегиялық қадам Орталық Азия мемлекет басшыларының бұған дейін қабылдаған азық-түлік, су-энергетикалық және көлік консорциумдарын құру жөніндегі болашаққа бағытталған шешімдерін толықтыра түскені, бүгінгі тұрақтылықпен ынтымақтастықтың жемісі деуімізге болады.

Орталық Азия мемлекеттерінің тарихы, олардың халқы, мәдениеті, тілі, дінінің тамыры тереңнен басталады: көне дәуірлерде бұл мемлекеттер аумағынан Ұлы Жібек жолы өткен, бұл Батыс пен Шығысты байланыстыратын сауда күре тамыры еді. Географиялық саяси орналасуы ортақ шекара, аймақты байланыстыратын көлік және басқа да коммуникация тараптары, табиғи-шикізат ресурстарының бай қорларын, өнеркәсіп өнімдерін кооперациялауда, бірлескен кәсіпорын құрудың, агроөнеркәсіптік кешендердің өзара қатынаста болуының алғы шарттарын тудырды.

Мұндай интеграция процесін тереңдетудің қажеттігін, осы аймақтағы мемлекеттердің экономикалық және экологиялық мәселелерінің ұқсастығы, іс жүзінде оларды шешуде тығыз ынтымақтастықтың қажет екенін айқын айғағы.

Осыған байланысты бірігу мәселесі яғни, Орталық Азияны интеграциялау процесі негізінен сонау 1995 жылы 14 сәуірдегі үш ел президенттерінің Шымкенттегі кездесуінен басталған болатын. Мұнда «Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы» келісімнің жүзеге асырылу мәселелері талқыланса, 1996 жылы 23 тамызда Алматыдағы басқосуда «1996-1998 жылдары арасында Біртұтас экономикалық кеңістік құруды іске асыру» Бағдарламасы қолға алынған болатын. Сондықтан, Қазақстан өзінің Орталық Азиялық көршілерімен шынайы қарым- қатынастарды нығайтуға барынша күш салып тұрақтылықты сақтап отырғаны, бүгінгі күннің ең негізгі мәселесі болып отыр.

Қорыта келе айтарымыз біріншіден, қазіргі кезде әлемтегі текетірестер мен қолдан жасалынған саяси экономикалық санкциялар азық-түлік қауіпсіздігін жойып миллиондаған адамға, әсіресе қоғамның осал топтарына қауіп төндіретін жаңа нормаға айналып отыр. Екіншіден, әлемдік қақтығыстарды тежеу үшін халықаралық ұйымдар мен оның қызметтерін жетілдіре түсуіміз керек және диалог арқылы бір шешімге келу керек деп ойламын. Осыған байланысты Қ.К.Тоқаевтың жаһандық басқаруда айтарлықтай кемшіліктердің бар екенін айта келіп, БҰҰ- жаңғырту және реформалау керек екенін басып айтуы [6] өте орынды екенін әдемдік саясаткерлер түсінеді деп ойлаймын.

*Пайдалынған әдебиеттер тізімі:*

1. Тоқаев Қ.К. *Жаһандық қауіпсіздіктің жаңа парадигмасы* // Айқын, №141, 2022ж.
2. Абдулпатаев С.И. *Халықаралық Қатынастардың Қазіргі проблемалары*. Алматы, 2006, 186 б.
3. Ауэзов М. *Соседский спор: конфликтный потенциал Казахстана и Узбекистана* // деловая неделя. – 29 апреля 2005.
4. Идрисов Е. *Казахстан-Узбекистан: пограничные проблемы и решения* // Казахстанская правда, 31.10.2001.
5. Тоқаев Қ.К. *Жаһандық қауіпсіздіктің жаңа парадигмасы* // Айқын, №141, 2022ж
6. Кенесарин М. *Энергетика Узбекистана: состояние и проблемы* // Центральная Азия и Кавказ. – 2004. – №2-3 (32-33).
7. *Қазақстанның Орта Азия елдерімен ынтымақтастығы* // Айқын газеті 24 ақпан 2005 жыл
8. *О состоянии казахстанско-узбекских экономических отношений* // <http://www.kz.info>
9. Тимур Бейсембиев, *Казахско-Узбекские связи в прошлом* // Центральная Азия и Кавказ 10. – № 97



УДК 2.1 (575.2) (04)

*Kurmangali A.K.<sup>1</sup>, Matakbaeva L.Kh.<sup>1</sup>, Baiturbayeva A.T.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>doctor of political science, associative professor of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan,  
Abai KazNPU, aymena@mail.ru*

*<sup>1</sup>doctor of political science, professor of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan,  
Abai KazNPU, lmatakbaeva@mail.ru*

*<sup>1</sup>candidate of political science, senior lecture of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan,  
Abai KazNPU, a.baiturbayeva@sorbonne.kz*

## TECHNOLOGIES AND TOOLS FOR BUILDING CONTEMPORARY LEADERSHIP

### *Abstract*

In political management practice, the formation of the image of a politician begins with the development of a preliminary program of action, which is determined by elections. To create such a program, the contingent is carefully studied or (as it is commonly called in political science literature) the “target audience” of a political image. This process occurs using various sociological and socio-psychological technologies for analyzing representations, opinions and other manifestations of mass consciousness, conducting expert surveys, observation focus groups, etc. Using these methods, the so-called “ideal image” of a given audience is calculated.

The specific directions of knowledge are studied by the corresponding varieties of political image. The political image, on the one hand, has much in common with the objects of political cognition, on the other, it corresponds to the principles of a systematic classification of political knowledge.

**Keywords:** image, political leadership, power, problem, position.

*A.K. Құрманғали<sup>1</sup>, Л.Х. Матакбаева<sup>1</sup>, А.Т. Байтұрбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> саяси ғылымдарының докторы, Халықаралық қатынастар кафедрасының доценті,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, aymena@mail.ru*

*<sup>1</sup> саяси ғылымдарының докторы, Халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, lmatakbaeva@mail.ru*

*<sup>1</sup> саяси ғылымдарының кандидаты, Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, a.baiturbayeva@sorbonne.kz*

## ЗАМАНАУИ КӨШБАСШЫЛЫҚТЫ ҚҰРУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

### *Аннотация*

Саяси басқару практикасында саясаткердің имиджін қалыптастыру сайлаумен анықталған алдын-ала іс-қимыл бағдарламасын жасаудан басталады. Мұндай бағдарламаны құру үшін контингент мұқият зерделенеді немесе саяси имидждің «мақсатты аудиториясы» (саяси ғылымдар әдебиетінде аталатындай). Бұл процесс әртүрлі бұқаралық сананың көріністерін, пікірлерін және басқа көріністерін талдауға, сараптамалық сауалнамаларды, фокус-топтарға және т.б. бақылау үшін әртүрлі әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық технологияларды қолдану арқылы жүреді. Осы жоғарыда аталған әдістерді қолдану арқылы, зерттеуге берілген аудиторияның «идеалды бейнесі» есепке алынады.

Білімнің нақты бағыттары саяси имидждің сәйкес тармақтары бойынша зерттеледі. Саяси имидж, бір жағынан, саяси танымның объектілерімен көп ұқсас келеді, екінші жағынан, ол саяси ғылымды жүйелеу және жіктеу қағидаларына дәлме-дәл сәйкес келеді.

**Түйінді сөздер:** имидж, саяси көшбасшылық, билік, мәселе, қызмет.

Курмангали А.К.<sup>1</sup>, Матакбаева Л.Х.<sup>1</sup>, Байтурбаева А.Т.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> доктор политических наук, доцент кафедры международных отношений,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [ayupena@mail.ru](mailto:ayupena@mail.ru)

доктор политических наук, профессор кафедры международных отношений, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [lmatakbaeva@mail.ru](mailto:lmatakbaeva@mail.ru)

<sup>1</sup> кандидат политических наук, старший преподаватель кафедры международных отношений,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [a.baiturbayeva@sorbonne.kz](mailto:a.baiturbayeva@sorbonne.kz)

## ТЕХНОЛОГИИ И ИНСТРУМЕНТЫ ПОСТРОЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ЛИДЕРСТВА

### Аннотация

В политической практике управления, формирование имиджа политика начинается с разработки предварительной программы действий, которая определяется выборами. Для создания такой программы тщательно изучается контингент или (как принято называть в политологической литературе) «целевая аудитория» политического имиджа. Этот процесс происходит с использованием различных социологических и социально-психологических технологий анализа представлений, мнений и других проявлений массового сознания, проведения экспертных опросов, фокус-групп наблюдения и т.п. С помощью этих методов рассчитывается так называемый «идеальный образ» данной аудитории.

Конкретные направления знания изучают соответствующие разновидности политического имиджа. Политический имидж, с одной стороны, имеет много общего с объектами политического познания, с другой – соответствует принципам системной классификации политических знаний.

**Ключевые слова:** имидж, политическое лидерство, власть, проблема, должность.

Political science factors of leader formation make it possible to determine and substantiate the main political technological schemes to maintain a balance of interests in foreign and domestic politics. In this regard, the further implementation of political, socio-economic and cultural transformations, concern for improving the welfare of the population (regularly analyze and optimize the public image of the leader; conducting public speaking trainings, psycho-linguistic examination of the texts of the leader's speeches, their correlation, depend on them) with a specific political context; the constant implementation of individual programs for meetings of the leader with voters, representatives of the media, business, cultural and political elites, visits to regions, etc.), with which you can carry out further political modernization and crisis-free management.

In this regard, the study of the political perspective of the image of a leader is a purposefully constructed structure. It reflects the perception of political, psychophysiological, social and other criteria of personality and activity of a political leader. The image is formed and functions only as a result and / or the process of relations of the political leader with groups, adapting to the socio-political field, and changes under the influence of external and internal factors.

As you know, political leadership is a hot topic in modern political science. In theoretical terms, it addresses the decision in the scientific literature on the role of the individual in history, on the boundaries and possibilities of the influence of political figures on the historical process. Today it is one of the constituent parts of the political process, which is confirmed, for example, by the next wave of actualization of the indicated problem, that is, the problem of clarifying “the situation determines the policy or it is the situation”. In the research literature, the theoretical unresolvedness and complexity of assessments of this aspect leave room for its further development. Thus, new trends in this direction are noticeable thanks to the hypothesis of the “planned history” of A. Zinoviev. According to the researcher, “we live in an era of planned history.” This time is characterized by an unprecedented increased role of political figures in the construction of social and political systems and a change in the quality of their participation in the historical process.

Despite the fact that today there are two main approaches to the definition of the concept of “image”. The first is historical. His supporters tend to believe that it has always existed. The concept of “image” is associated with the development of statehood, because it was not by chance that it was reflected even in the nicknames of kings and rulers (for example, Yaroslav the Wise, Charles the Great, etc.). Supporters of the second opinion are convinced that the time the concept “image” appeared was connected with the beginning of the 20th century. It was during this period that mass production of various types of mass media and, in particular, television, appeared and developed everywhere at a rapid pace. The 21st century, like the previous one, is the time of the creation of political idols. This can explain the need for conscious design of what others need.

In accordance with our point of view, it is advisable to talk about the close relationship of political leadership and the image of a political leader. First, let's clarify what is political leadership in general.

First, wherever groups arise, leadership appears. One researcher noted that "leadership is as old as humanity." It is universal and inevitable. It exists everywhere: in large and small organizations, in business and in religion, in trade unions and charitable organizations, in campaigns and universities. "Any leadership is a group phenomenon. "There cannot be a single leader, a leader" in his own right, "without communication with his followers."

Secondly, leadership can be considered from the point of view of managerial status, a social position related to the adoption of certain decisions. This understanding of leadership stems from a structurally functional approach that considers society as a complex, hierarchically organized mechanism with its own system of social positions and roles. Occupation in this system of certain niches depends on the performance of certain managerial functions, which, in turn, gives a person the status of a leader. If you take into account this opinion, the leader is a kind of symbol of community and a model of the political behavior of the group. As a rule, his nomination takes place mainly spontaneously from below and then is accepted by followers.

Thirdly, political leadership is a constant priority and legitimate influence of one or more persons who occupy power positions on the whole society, organization or group. So, in the opinion of J. Blondel, political leadership is "power, because it consists in the ability of one person (or several persons), who are "on top", to force others to do something positive or negative that they would not do either ultimately could not do at all. But, of course, leadership is not every kind of government. Leadership is top-down power." [1, P. 156].

Therefore, according to Blondel's theory, the differences between "natural" and "artificial" structures tend to increase, since the policies of the latter are addressed to a large extent to the whole of society, and not to representatives of its individual part. This paradigm of "artificial" structures gives politics a "national" character. And by this they contribute to the struggle of political leaders with narrow-group trends, which is so inherent in "natural" structures. Nevertheless, "artificial" structures far from always can provide the same strong loyalty that is characteristic of "natural" structures. In the emerging conflict between "natural" and "artificial" structures, citizens may be more likely to cast their votes for the political image of those leaders who represent "natural" structures, and not state ones, despite the fact that these may be formal organizations provided for constitutional, or informal, such as political parties or interest groups.

However, this definition of political leadership is not the only one. However, it seems to us heuristic, especially when analyzing leadership in macrosocial groups. In this case, it represents a kind of intervention of power relations in the communicative process of large social communities.

The interaction of leadership as a specific mode of behavior (that is, the fulfillment of a role) and leadership as a "top" position (that is, possession of this status) is accompanied by the appearance of two problems. The first of them is connected with real leadership, which should be separated from formal (holding a position). In the theory of political leadership, occupation of a certain position which is usually called "positional". Leadership itself becomes a characteristic of real power and is called "behavioral". It is only partly the product of an occupied position.

The second type of problem is related to the fact that a positional leader is easy to detect, but it is more difficult to identify a behavioral leader. Although, despite these difficulties, in both cases, leadership is associated with power, because a leader (in a behavioral sense) is a person who has the ultimate influence on changes in the course of events. In addition, even Machiavelli pointed out that it is much more difficult to be able to hold than to conquer. To achieve this goal, something more is required than status. In reality, the formal position and real power, the practical ones always interact.

As already mentioned above, all modern concepts of leadership have a common feature: they recognize the fact of the influence of one or more individuals on most people. But what does it mean to "influence"? Influence is represented, for example, as the priority behavior of one subject, which changes the behavior of another.

Of course, such an understanding of "leadership" is not limited only to the interpretation of the concept of "influence". This process is aimed at joint actions and means that all its participants strive to achieve common goals. According to S. Djibb, J. Julian and E. Hollander, "the influence of a leader implies his positive assistance in achieving shared goals" [2, P. 91].

Thus, the image of a political leader is one of the main factors that can have a significant impact on the relationship between formal and informal structures in the modern political system. The political leader can have this effect in several ways. Among them: 1) interaction with political institutions, 2) rivalry with them, 3) leadership of them, 4) creation of new structures. In all the above cases, the image of a political leader can be a bargaining chip in the game on the side of both informal and formal institutions or represent both types of structures.

*List of references:*

1. Блондель Ж. Политическое лидерство. Путь к всеобъемлющему анализу. – М.: Лабиринт, 1992.– 320с.
2. Sills D. *International Encyclopedia of Social Sciences/ – Vol. Leadership.* N.Y. 1968.
3. Steward R. *Leading in NHS /A Practical Guide.,L., 1989*
4. Filley A., House R., Kerr C. *Managerial Process and Organizational Behavior.* Glenview, 1976.
5. Harizmalidera / Radislav Gandapas. – 6-e izd. – М. : Mann, Ivanov i Ferber, 2019

МРНТИ 11.25.09

*Ғ.А. Меңілбаев*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*тарих ғылымының кандидаты, Халықаралық қатынастар кафедрасының доценті, тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Сорбонна-Қазақстан институты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

### **ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНЫҢ БЕЛГІСІЗ БЕТТЕРІ**

#### *Аңдатпа*

Қазақ мемлекеті тарапынан халқымыздың тарихына деген оң көзқарас артып, барлық жерде тарихқа деген қызығушылықтың өскені белгілі. Ресей ұлттық көпшілік кітапхана, РФ ғылым академиясының кітапханасы мен этнография мұражайының кітапханаларында отырып, сирек кітаптар қорында жұмыс жасап, сол жердегі халқымыздың тарихына қатысты жазбаша деректер мен фотосуреттердің көшірмелерін жинақтауға арналды. Ресей мемлекетінің тарихи мұрағаттар қорында біршама жұмыс жасалды. Бұл жердегі мұрағат қорындағы қазақ халқының тарихына қатысты құжаттар жеткілікті. Автордың Санкт-Петербургтегі жасаған жұмысымының барысын төмедегідей түрде ашып көрсетуге болады.

**Түйін сөздер:** жазба деректер, фотосуреттер, заттай жәдігерлер, Ресей мемлекеті тарихи мұрағаттар қоры, Ресей ұлттық көпшілік кітапханасы, Ресей ғылым академия кітапханасы, этнография мұражайы кітапханасы, сирек кітаптар қоры.

*Менілбаев Г. А.*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*к.и.н, доцент Института Сорбонна-Казахстан, кафедрасы международных отношений при КазНПУ им. Абая*

### **НЕИЗВЕСТНЫЕ СТРАНИЦЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА В ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ**

#### *Аннотация*

Как известно, со стороны казахского государства растет позитивное отношение к истории нашего народа, растет интерес к истории во всем мире. Сидя в библиотеках Российской Национальной публичной библиотеки, Библиотеки Академии наук РФ и Музея этнографии, он работал над фондом редких книг и собирал копии письменных данных и фотографий, относящихся к истории нашего народа. В фонде исторических архивов российского государства проделана большая работа. В архивном фонде здесь достаточно документов, касающихся истории казахского народа. Можно показать ход работы, проделанной автором в Санкт-Петербурге.

**Ключевые слова:** письменные материалы, фотографии, материальные реликвии, Российский государственный исторический архивный фонд, Российская национальная публичная библиотека, Библиотека Российской академии наук, Библиотека Музея этнографии, фонд редких книг.

Menilbayev. G.A.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>c.h.s., assistant professor of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan,  
at Abai KazNPU

## UNKNOWN PAGES OF THE HISTORY OF THE KAZAKH PEOPLE IN FOREIGN COUNTRIES


### Abstract

It is known that the Kazakh state has a positive attitude toward the history of our people and raised interest in history everywhere. Russia is designed to work in the library of the national library, library of the Academy of Sciences of the Russian Academy of Sciences and the Rare Book Fund, collecting written data and photographs about the history of our people. A lot of work has been done in the Fund of Historical Archives of Russia. There are enough documents related to the history of the Kazakh people in the Archive fund here. Author's work in Sank-St. Petersburg can be disclosed as in the field.

**Key words:** written data, photographs, physical relics, Russian State Historical Archives Fund, Russian National Public Library, Russian Academy of Sciences Library, Ethnography Museum Library, rare book fund.

Мемлекет тарапынан халқымыздың тарихына деген оң көзқарас артып, барлық жерде тарихқа деген қызығушылықтың өскені белгілі. Осындай халқының тарихына деген қызығушылық танытқан көзі ашық, көңілі дархан, білімді азаматтардың бірі, халқымыздың тарихының жанашары, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың тапсырмасымен Ресей жерінде 1 айдан астам уақыт ғылыми іссапарда болып қайтудың мүмкіншілігі туды. Әрбір тарихшының арманы болып табылатын Санкт-Петербургте болған бір айдан астам уақытым көзді ашып-жұмғанша болмай тез өте шықты.

Бұл жерде, уақытымды мүмкіндігінше тиімді пайдаланып, халқымыздың тарихына қатысы бар заттай жәдігерлерді фотоға түсіріп, жазба деректер мен фотосуреттерді және біздің халқымыздың тарихына қатысы бар мағлұматтарды көбірек жинастыруға тырыстым. Бұл жерде, Қырымбек Елеуұлының өз уақытында Ресей жерінде елшілік қызмет те болғандығы да менің бұл жерде жұмыс жасауыма жақсы жағдайлар жасалынып, өз әсерін тигізгені анық. Әсіресе, МИЭП-тің ректоры, Санкт-Петербург пен Ленинград облыстарындағы « Атамекен » қазақ қоғамдық диаспорасы ұйымының орынбасары Ерлан Жанғазыұлы Ысқақовтың шет жақтағы біз секілді ғалымдарға жасаған көмегі шексіз болды деуге болады. Менің алғашқы бір-екі күнім қаламен танысуға кетті. Қалған уақыттағы жұмыс кестем Ресей ұлттық көпшілік кітапхана, Ресей ғылым академиясының кітапханасы мен этнография мұражайының кітапханасында отырып, сирек кітаптар қорында жұмыс жасап, ол жердегі халқымыздың тарихына қатысты жазбаша деректердің және фотосуреттердің көшірмелеріне тапсырыс беріп, оларды жинақтауға арналды.



Сонымен бірге, Ресей мемлекетінің тарихи мұрағаттар қорында біршама уақыт отырып жұмыс жасаудың сәті түсті. Бұл жердегі мұрағат қорындағы қазақ халқының тарихына қатысты құжаттардан көз сүрінеді. Олардың барлығын қарап шығып, оларды жинастыру үшін бір ай деген азшылық ететіндігіне көзім жетті. Уақытымды тиімді пайдалану үшін, кітапханаларда және мұрағат қорларында жұмыс жасау тәртібіне ыңғайластыра отырып жұмыс жасауға тура келді. Сонымен бірге, уақыт тауып мұражайлардағы халқымыздың тарихына қатысы бар заттай жәдігерлерді суретке түсіріп те алғаным өзімді бақытты санадым. Санкт-Петербургтегі жасаған жұмысымның барысын төмедегідей түрде ашып көрсетуге болады.

1. Қазақ тарихына қатысты Ресей жерінде соңғы кездері жарыққа шыққан кітаптарға шолу: Бұл жерде Ресей ұлттық көпшілік кітапханасы мен Ресей Ғылым Академиясының кітапханасы, сондай-ақ

этнография мұражайының кітапханасының каталогтарында тіркелген, сондай-ақ жарыққа шыққан кітаптарға тоқталар болсақ. И.Н. Ундасынов. История казахов и их предки ( II тысячелетие до н.э.- XII век н.э.) Москва, 2002 г. деген еңбегінде Ресей жерінде тұрып жатырған қандас бауырымыз, ғалым ағамыздың еңбегінде халқымыздың тарихын ежелгі дәуірмен байланыстыра қарастыру және соны ғылыми тұрғыдан айғақтайтын деректермен толықтыру секілді тың ой-пікірлерді байқауға болады. Ресей жерінде жүріп, қазақ халқының тарихына қатысты батыл болжамдар мен пікірлерін ашық айту екіншісінің қолынан келе бермейтін шығар деген ой түйдім. Өз еңбектерін орыс тілінде жазатын, тарих ғылымының докторы, профессор И.Н. Ундасынов Ресей Ғылым Академиясының жанындағы салыстырмалы саясаттану институтының жетекші маманы. С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов. Государства и народы евразийских степей. Древность и Средневековье. Спб., 2002 г. Султанғалиева Гулмира Салимжанова. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII - нач. XX вв). Башкортстан, 2001 г. Султанов Турсун Икрамович. Кочевые племена Приаралья в XV- XVIII вв. Москва, 1982 г. Семенов Георгий Иванович. Проблемы истории кочевых племен и народов периода феодализма. Калинин, 1973 г. т.б. көптеген халқымыздың тарихына қатысты Ресей жерінде жарық көрген еңбектермен танысудың және солардан қажетті деректерді жазып алудың реті келді. Сонымен бірге, Қазақстанда жарыққа шыққан, бірақ қолымызға тие бермейтін кейбір еңбектермен осы жерде таныстым. Соның бірі, Янушкевич Адольф. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1966 г. Бұл еңбекке ерекше тоқталып отырған себебім, мұнда қазақтың кең даласымен жүріп өткен Янушкевичтің жазба дәптерінен бізге белгісіз болып келген, Кенесары Қасымұлының көтерілісіне қатысты тың деректерді кездестірдім...

2. Ресей Ұлттық көпшілік кітапханасы, Ресей Ғылым Академиясының кітапханасы мен этнография мұражайының кітапханасы қорларындағы халқымыздың тарихына қатысты XVIII, XIX, XX ғғ. жарық көрген, патша өкіметінің тұсында жарық көрген еңбектерге сипаттама жасар болсақ, бұл жерде халқымыздың тарихына қатысты жазбаша деректердің көптігінен көз тұнады. Бұл жерде жекелеген ғалымдардың әр жылдары ғылыми жұмыстарына қатысты, зерттеу жұмыстарына байланысты жұмыс істеп кеткенін байқауға болады. Оларға байланысты мәліметтерді тіркеу парақшаларынан байқадым. Сонымен, бұл жердегі кітаптардан Сырдария облысының тарихына қатысты жазбаша деректер мен фото суреттерді іздестіріп, олардың көшірмелеріне тапсырыс беріп, көптеген құнды деректер мен карталардың т.б. көшірмелерін жасатып, біршама жұмыс жасағанымды атап кетуге болады.



### Сырдария облысының ( Перовскі уезінің ) жергілікті тұрғындары ...

Солардың ішінде, Сырдария облысының құрамында болған Қазалы, Перовскі, Әулиеата, Шымкент т.б. уездерін мекендеген тұрғылықты халыққа қатысты мәліметтердің осы күнге дейін бізге белгісіз болып келгендігі қынжылтады. Олардың да көшірмелерін алып, оларға қатысты тың деректерді алдағы уақытта ғылыми айналымға жіберуге болады ғой деген ойдамын. Солардың ішінде, Қызылорда облысының (бұрынғы Перовскі уезінің 1910 жылғы картасы), осындай картаның Жетісу, Торғай облыстарына қатысты да жасалынғанын т.б. көруге болады. Перовскі уезінің жергілікті тұрғындарының мекендеген жерлері, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, ауылдары, адамдардың фотосуреттері, т.б. көруге болады. Олардың құндылығы туралы бұл жерде айтып жатудың да қажеті жоқ қой деп ойлаймын...

3. Ресей мемлекетінің тарихи мұрағат қорының ішінде халқымыздың тарихына қатысты құнды жазбаша деректердің көптігіне байланысты, бұл жерде зерттеуші ғалымдарға жұмыс жетерлік екен. Өзім жұмыс жасаған уақыт аралығында, бұл жердегі құжаттардың барлығын қарап шығу үшін, кем дегенде

жарты жылдай жұмыс жасау керек шығар деген ой келді.Себебі, мұрағат қорының ішкі тәртібіне сәйкес,әрбір зертеушінің қолына 3-ақ құжатты қарап шығуға рұқсат етіледі. Сонымен бірге, сенің құжаттарға берген тапсырысыңды тек екі күннен кейін ғана орындайды. Яғни, бұл жерде уақыт жағынан ұтыласың. Себебі, сенің тапсырысқа берген құжаттарыңнан саған қажетті деректер табыла қойса жақсы, ал табылмаған жағдайда, тағы да өзге құжаттарға тапсырыс бересің. Оларды парактап, асықпай қарап шығу үшін де шыдамдылық пен төзімділік, ерік-жігер, сабырлылық керек екен. Себебі, ол жердегі мұрағат қызметкерлерінің саған деген қарым-қатынасы т.б.ішкі және сыртқы факторлар адамның жұмыс жасауына қатты әсер етеді. Осы жерде менен бұрын отырып жұмыс жасаған зерттеушілер мен ғаламдардың аты-жөндері, тапсырыс берген құжаттардың бірінші беттерінде жазылып тұрады екен. Солардың іштерінен өзімнің ұстазым,тарихшы ғалым Ж.Қ.Қасымбаевтың да аты-жөнін кездестіргенімде үлкен толғаныста болдым. Ол кісінің де мен қараған құжаттарды менен бұрын қарап,осы жерде отырып жұмыс жасағанын байқауға болады. Бұл жердегі зерттеушілер үшін жасалған жағдайды ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес.Сонымен бірге,қатаң тексеріс,айналанның барлығында бейнебақылау камералары т.б. жағдайда жұмыс жасайсың. Бұл жердегі өзім қарап шыққан құжаттарды топтастырып, рет-ретімен жазар болсам:

а). Қазақ даласындағы ұлт-азаттық көтерілістерге байланысты құжаттар. Оған: Кенесары Қасымұлы көтерілісіне қатысты құжаттар, Исатай Тайманов көтерілісіне қатысты құжаттар, Кіші орда қазақтарының толқулары мен бас көтерулеріне байланысты құжаттар , / бұл жерде, Жоламан Тіленшиев бастаған кіші жүз қазақтарының көтерілісіне қатысты құжаттар, соның ішінде көтерілісшілердің аты-жөндері көрсетілген және тұтқынға түскен жергілікті қазақтарға байланысты мәліметтердің орны ерекше деуге болады /...

б). Патшаны ұлықтауға қатысты қазақ жерінен барған делегация мүшелеріне байланысты құжаттар. Бұл құжаттарың ішінде: « О прибытии в Петербург депутатов Средней орды для изъявления вернопод. чувства царю », «Дело по поводу прибытие в Петербург депутатов от Киргизов Оренбургского ведомства », «Лицам состоящим в депутатий от киргизь Средней Орды ». « Отчет об употреблению золотых и серебрянных медалей доставленных из Министерства Иностранных Дель для награждения киргизов » т.б.құжаттардың халқымыздың тарихында алатын орны ерекше деуге болады.

в). Қазақ даласындағы мұсылман дініне қатысты құжаттар топтамасы. Бұлардың ішінде қажылыққа қатысты деректер көптеп кездеседі деуге болады. «Формулярные списки чиновников и канцелярских служащих Оренбургского магометанского духовного собрания за 1872-1881гг.», « Дела о разрешении магометанским духовным лицам ведомства Оренбургского-магометанского духовного собрания отпусков для совершения полонничества в Мекку и Медину»,«Дело об управлении духовными делами киргизов-магометан Оренбургской и Астраханской губернии и Уральской, Тургайской, Акмолинской, Семипалатинской областей », т.б.құжаттар қазақ даласындағы діни ахуалдың жағдайларынан мәліметтер береді. 4. Санк-Петербургтегі иссапар барысында тек қана кітапханалар мен мұрағаттар қорында ғана жұмыс жасап қоймай, халқымыздың тарихында ХҮІІІ-ХІХ ғғ.қазақ хандары мен елшілерінің жүрген жерлері, ХІХ-ХХ ғғ.қазақтың зиялы қауым өкілдерінің білім алған оқу орындары бар, т.б. тарихи оқиғалардың куәсі болған көне шаһарда жүргенімде, сол жердегі мұрағатта жұмыс жасайтын бір қызметкердің маған айтқан сөзі есіме түсіп отыр: « Сізге Санк-Петербург ұнады ма ? Алған әсеріңіз қалай ? » – деген сұрақ қойды.

Мен, Санк-Петербург Ресей жерінің зиялы қауым өкілдері шоғырланған орталықпа деген ой келді, жергілікті тұрғындардың мәдениеті, сауаттылығы, халқының өткен тарихына деген қызығушылығы жоғарыма деп қалдым. Себебі, кітапхана мен мұрағат қорларында жұмыс жасап отырғанымда халқымыздың көне тарихын, оның ішінде жарыққа шықпай жатырған, халқымыздың бізге белгісіз болып келген тарихын көзіммен көргендей болдым» – деп жауап беріп едім. Сіздің осы бір сөзіңізден байқағаным, Санк-Петербург рухани құндылықтар шоғырланған жер, бұл жер екінің бірін қабылдай бермейді, сіздің болмысыңыз осы жерге ұқсайды екен, бұл қасиетті жер, ол сізді қабылдапты деп жауап берді. 5. Халқымыздың тарихына қатысты жазбаша деректеріне қатысты біршама жұмыс жасаған соң, енді заттай жәдігерлерден қандай деректер бар екен,олар туралы да мәліметтер білмек болып этнография мұражайы, эрмитаж, кунскамерадағы халқымыздың тарихына қатысы бар заттай жәдігерлермен танысуға уақыт бөлдім. Бұл жерде халқымыздың ежелгі және ортағасырлар, жаңа замандағы тарихына қатысты заттай жәдігерлерлердің молдығына таң қалмасыңа болмайды.

а) Этнография мұражайында халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне қатысты витринада, казактардың ер кісілері мен әйелдерінің киім-кешектері, шаруашылық заттары, т.б. қойылған. Бұлардың барлығы екінші қабаттағы ортазия халықтарының залдарында қойылған.Сонымен бірге,бірінші қабаттағы витринада



қазақ халқының тоғыз құмалақ ойынының тақтасы, асықтар, т.б. қойылыпты. Өзім кезінде мұражай қызметкері болып жұмыс істегендіктенбе, әйтеуір, бұл жердегі халқымыздың тарихын ашып көрсететін заттай жәдігерлердің қойылуындағы және астындағы жазылған түсініктемелердің қателіктері т.б. ескертпемді айттым. Бұл жердегі халқымыздың тарихын ашып көрсететін заттай жәдігерлердің жұтандығы көңіліңді аландатады екен...

б) Санкт-Петербургке келген туристердің барлығының баратын тарихи орындарының бірі, бұл – әлем халықтарының тарихи заттай жәдігерлер топтастырылған мұражайы – Эрмитаж деуге болады. Эрмитаждағы халқымыздың ежелгі, ортағасыр және жаңа ғасырлардағы тарихтарын ашып көрсететін заттай жәдігерлер қойылған залдарынан түркі халықтарының тұнып тұрған тарихының ішінде жүргендей күйде болдым. Олардың барлығын қаламмен жазып жеткізу мүмкін емес, оны тек көзбен көру керек шығар деп ойлаймын. Біз секілді тарихтың ежелгі дәуірін зерттеп жүрген зерттеушілерге мол мүмкіншілік бар деуге болады. Біз білмейтін халқымыздың тарихы осы жерде жинақталғанба деген ой келді.



**Қазақ жерінен алып кеткен, бұл күндері Санкт-Петербургтегі Эрмитажда тұрған тарихи маңызы бар заттай дерек. 1491 жылы Әмір Темірдің қазақ даласына, Тоқтамыс ханға жасаған жорығы туралы жазылған тастағы жазу...**

Патшалық ресей және Кеңес өкіметі тұстарында кең байтақ қазақ даласының әр түкпірінен алып кеткен халқымыздың заттай жәдігерлері бұл жерде расында баршылық екен. Олардың барлығына бірдей тоқталып жату мүмкін емес. в). Кунскамера кезінде І-ші Петр патшаның бұйрығымен құрылған әлем халқының заттай жәдігерлері топтастырылған мұражай деуге болады. Бұл жерде де, халқымыздың тарихына қатысты заттай жәдігерлерді іздестіріп жүріп қазақ жерінен кезінде алып кеткен алтыннан жасалған жабайы аңдар мен жылқы т.б. бейнелеріндегі жапсырмаларды, көне қылқобызды, қамшы, кесеқап, құран кітап, т.б. халқымызға қатысы бар заттай жәдігерлерді кездестірдім. Сондай-ақ, қазақ әйелдерінің әшекей бұйымдары, қазақ батырларының сауыт-саймандары, дулығасы, қару-жарақтары, айбалталары т.б. көріп таң-тамаша болдым. Бұлардың барлығы біздің жерімізден әртүрлі жағдайда Ресей жеріне қоныс тепкен заттай жәдігерлер деуге болады.



ҮІІІ ғасырға жататын, кезінде қазақ жерінен алып кеткен түркі дәуірінің көне жазбаша дерегі. Бұл жазбаша деректің көшірмесінің бірі республикалық кітаптар мұражайында тұр. Ал, нағыз түпнұсқасы Санкт-Петербургтегі Эрмитажда тұрғаны өкінішті-ақ. Себебі, халқымыздың тарихына қатысы бар өзге де



көптеген заттай жәдігерлердің осы жерде тұрғаны екінің бірі бара бермейтін ресей топырағында тұрғаны ұлтының тарихына жаны ашитын зерттеуші ғалымдарға және ұлтжанды азаматтарға да үлкен ой салуы керек деп ойлаймын. Сондай түркі дәуіріне жататын заттай жәдігерлердің бірі, оң қолына қаршыға ұстаған ер адамының тастан жасаған мүсіні деуге болады. Бұл мүсіннің иегінің үстінгі жағы, яғни оның бет пішінін көрсететін бас жағы жоқ. Бұл тас мүсінге қатысты бірнеше болжам айтуға болады. Біріншісі, қазақ жеріне ислам дінінің тарала бастауымен байланысты қарастыруға болады... Екіншісі, орыс отарлаушыларының қазақ жеріне келуімен байланыстырып айтуға болады... Екеуінде де, біздің жеріміздегі сан мыңдаған тас балбалдардың тағдырына қатты әсер еткенін атап өтуіміз керек. Яғни, олардың бірте-бірте қазақтың ұлан-байтақ даласынан азайып кеткенінің тарихтың өзі дәлелдеп отыр...



*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. И.Н. Ундасынов. *История казахов и их предки (II тысячелетие до н.э. - XII век н.э.)* – Москва, 2002 г.
2. С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов. *Государства и народы евразийских степей. Древность и Средневековье.* Спб., 2002 г.
3. Султангалиева Гулмира Салимжанова. *Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII - нач. XX вв.).* Башкортстан, 2001 г.
4. Султанов Турсун Икрамович. *Кочевые племена Приаралья в XV- XVIII вв.* Москва, 1982
5. Семенюк Георгий Иванович. *Проблемы истории кочевых племен и народов периода феодализма.* Калинин, 1973 г.
6. Янушкевич Адольф. *Дневники и письма из путешествия по казахским степям.* Алма-Ата, 1966 г.

Койлыбаева Н.Т.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>КазНПУ им. Абая, Институт Сорбонна-Казахстан

## КРИТИЧЕСКИЕ ПЕРЕХОДЫ В ЭКОСИСТЕМАХ И ОБЩЕСТВЕ. ЗНАЧЕНИЕ СОЦИОЛОГИЧЕСКОЙ ТЕОРИИ СИСТЕМ

*Аннотация*

Теория критических переходов и теория самореферентных социальных систем являются двумя хорошо зарекомендовавшими себя теориями в экосистемных и социологических исследованиях.

В данной статье говорится о теории систем, которая может внести свой вклад в теорию критических переходов с надежной концепцией коммуникации, которая учитывает актуальность семантики и социальных структур, создание коммуникативных блокировок и выявление сигналов раннего предупреждения о социально-экологических переходах в коммуникации.

С другой стороны, теория критических переходов предоставляет теории систем уточненную концепцию кризиса, как критического перехода, так и технические инструменты для эмпирических исследований.

**Ключевые слова:** сложность, критические переходы, социально-экологические системы, механизм блокировки, теория систем, коммуникация, само описание

*Н.Т. Койлыбаева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Сорбонна-Қазақстан Институті

## ЭКОЖҮЙЕЛЕР МЕН ҚОҒАМДАҒЫ СЫНИ АУЫСУЛАР. ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

*Аңдатпа*

Сыни ауысулар теориясы және өзін-өзі көрсететін әлеуметтік жүйелер теориясы экожүйе мен әлеуметтанулық зерттеулерде жақсы қалыптасқан екі теория болып табылады.

Бұл мақалада семантика мен әлеуметтік құрылымдардың өзектілігін, коммуникативті блоктарды құруды және коммуникациядағы әлеуметтік-экологиялық ауысулар туралы ерте ескерту сигналдарын анықтауды ескеретін сенімді коммуникация тұжырымдамасы бар сыни ауысулар теориясына үлес қоса алатын жүйелер теориясы туралы айтылады.

Екінші жағынан, сыни ауысу теориясы жүйелер теорияларына дағдарыстың нақтыланған тұжырымдамасын, сыни ауысуды да, эмпирикалық зерттеулерге арналған техникалық құралдарды да ұсынады.

**Түйінді сөздер:** күрделілік, сыни ауысулар, әлеуметтік-экологиялық жүйелер, құлыптау механизмі, жүйелер теориясы, байланыс, сипаттаманың өзі

*Nargiza T. Koylibaeva<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Kazakh National University named after Abay, Institute Sorbonne-Kazakhstan

## CRITICAL TRANSITIONS IN ECOSYSTEMS AND SOCIETY. THE SIGNIFICANCE OF THE SOCIOLOGICAL THEORY OF SYSTEMS

*Abstract*

The theory of critical transitions and the theory of self-referential social systems are two well-established theories in ecosystem and sociological research.

This article talks about the theory of systems that can contribute to the theory of critical transitions with a reliable concept of communication that takes into account the relevance of semantics and social structures, the creation of communicative locks and the identification of early warning signals about socio-ecological transitions in communication.

